

С.С. ЖАНПЕЙІСОВА

ӘН – ХАЛЫҚ ҒҮМЫРНАМАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Ертеден бүтінгө жеткен ел аузындағы бір анызда өлең жеті кат көкті мекендесе керек. Бір күні ол бүкіл әлемді шарлап, төрткүл дүниенің төрт бұрышын кезуге шығады. Сонда өлең төмен ұшқан жерлерге өнер дарып, биік ұшқан жерлеріне өлеңнің құдыреті қонбаған екен, – дейді. Қазақ даласының үстінен өлең жер бауырлап өткен екен.

Халқымыздың риясyz қонақжайлышына риза болған қонақ кетерінде сауғаға ән тарту етуінде – өнердің осындай құдыретіне деген сенім жатқан сияқты.

Өлең аласың ба, жоқ көген аласың ба? – дегендеге, бабамыздың өлең таңдағанын көнеден келе жатқан тағы бір әфсана мактаныш етеді. Миф аралас осы екі аныз да тегін шықпаса керек. Ән абзал да дархан қасиеті үшін халқымыздың өніріне тағылған асыл алқа іспеттес.

Ән – халқымыздың ғасырлар бойы өміріне жан азық етіп жиған рухани қазынасының төл басы.

«Қазақ әні ғайыптан пайда болған дүниенің белінен аттап өтіп, керісінше қоғамдағы жеке адамның меншік ғұмырын, сезімі мен мақсат-мұратын сыр етіп шертеді. Әнді тыңдаушылар таңғажайып және діни уакиғалардан гөрі, айналасын коршаған болмыстың тегіне көз тігіп, сол болмыстың бітімі мен көніл тұшынарлық, ләzzat аларлық қасиетіне құлышынады», – деп жазады белгілі шығыстанушы ғалым В.В. Радлов. Сол сияқты өлкеміздің елі мен жерін аралап, халқымыздың төрінен дәм татып, жүзбе-жұз таныс болған орыс зиялъяларының озық өкілі, Пушкиннің тарихшы досы А.Левшин де қазақтың ән мен өлеңіне қатты тәнті болған. Расында, малшылықты қәсіп еткен қазақ баласы айналасын қоныраулатып әнге бөлеп, думан-тойға толтырып жүргені белгілі.

Кезінде көк желекпен көмкеріліп, жарым миллион адамға пана болған ортағасырлық Қазақстанның бас қаласы Баласағұн бүгінгі күні ғасырлар шаңына көміліп жатыр. Шыңғыс хан сокқысынан аман қалып, жақсы қала атанған мәуелі Баласағұн қаласы сияқты талай қала уақыт сокқысына төтеп бере алмады. Бүгінде ғалымдарымыз сол шаңардың жұртты деп әр төбені көрсетеді. Оның опырылып түскен сырлы күмбезінің жаңғырығы ән болып қалықтап, қанаты талмастан көктей ұшып, бүгінгі күнімізге жетті.

Ғасырлардың уағызын, ғасырлар наласын ән арқалады:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді.
Мына заман қай заман, қыскан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман.
Шұбырганда ізіңнен шаң борайды
Қантардагы қар жауған қыстан жаман.

Алтын тақ пен астананың аты бар да заты жок, ал замананың мұнды мен сырын тал бойына тоғыстырып, ән атасы «Елім-ай» жетті бүтінгеге.

Ән – халықтың өзі секілді көне өмір табалдырығынан онымен бірге аттап, ел байрағын сахара тесіне бірге тігісіп, халықтың тарихи шеруінің шанды қияндары мен мұзарт асуладынан бірге өтеді. Ол жеке адамның ғана тағдырына араласып, шілдеханасында шалқып, жаназасында егіліп қоймай, ел тағдырын ел азаматтарымен қоса бөліседі. «Елім-ай» әні ертеректе қазақ ардагерлерінің жаназасында аят орнына айтылып жүрген. Әлкей Марғұлан сынды казактың біртуар перзентін сонғы сапарына «Елім-ай» әні шығарып салған еді.

Ән – халық ғұмырнамасының шежіресі. Демек, әннің қыр-сырына ден қою – халықтың рухани өлеміне зерсалу деген сөз. «Өнер алды – қызыл тіл» десек те, тіл – ән үшін құстың сынар қанатындағы ғана. Оны самғатып ұшыратын, оған жан бітіретін күш – дарынды көкіректен шықкан асыл әуен.

Әніме мен салайын Қанатталды,
Бұл әнім балқытушы еді тындағанды.

Осы бір әнге зер салсақ, тыңдаушысын тек әуен мен сөз тоғысқанда ғана балқыта алатыны хақ. Өлең мен ән мінсіз жымдасып бас қосқанда асыл өнер тыңдаушы жүргегіне жол табады.

Жақсы ән – сирек қазына, мандайға біте бермейтін құт. Сондықтан да енбектеген баланың, еңкейген көрінің елең етіп ұйитыны – інжу-маржан секілді әсем ән.

Арқаның әйгілі әншісі Жарылғапберді ақпанның алай-дүлей боранында адастып қалып, жолдастарымен беймәлім ауылдың үстінен шығады. Арлыберлі саулаған жүргіншіден ығыр болған ауыл адамдары жолаушыларға көлденен көк атты деп сыр бермей, сырт береді. Амалы таусылып, көнілі шай-

лықкан жолаушылар Жарылғапбердіге қарайды. Әнші жолдастарының қабағын түсініп, домбырасына ұмтылады. Домбықкан саусақтарын үқалап, ауыр тұлышты желбегей жамылып тұрып:

Көкшетау, Баянауыл – жер науаны,
Елінен көктей гүлдең шығады әні.
Баурында Көкшетаудың көкке шалқып
Толғанып, шарықтайтын салған әні, –

деп атақты «Топайқөкті» аңыратып коя береді.

– Япырау, мынау өзіміздің Жарылғап қой,
Жарылғапберді ғой мынау, деп, бораннан ықкан
қалың ел жолаушыларға тап береді.

Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,
Әнді ертеп, күйді мінген ардагері.
Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп,
Баянга алғып келіп жайған еді.

Жақсы ән мен өнерпаздың қасиетін қастерлей білетін ел Жарылғапбердің жібермей, қыс бойы қонақ қылып, сый-сияпта көрсетеді. Міне, өнер құдыреті, әннің киесі, әнді қадірлеген халықтың ілтишаты. Әуелде танымай қалғандарына өздерін жазықты санаған ауыл ат-шапан айыбын төлеп, әншіні еліне жаз шыға бір-ақ қайтарады. Ән көп. Бірақ асылдар сирек. Ол сирек туатын асылдардың өзі ғасырлар төрінен қатталып, корлана келе байтак қазынаға айналады екен.

Ғасырдан ғасырға адам ауыспайды. Алайда олардың айтқан әні мен тартқан күйі қалады. Үрпак пен үрпакты ән жалғастырады.

Гүл бақша көнілді бір әсем әнді
Тілейтін бұлбұл едім сайрағанды.
Әмірден өз еркіме орын таппай
Артқыға Қанаттады әнім қалды, –

деп, авторы елі күнге талас тудырып жүрген «Қанаттады» әнінде айттылғандай, ән арқылы адамзаттың әр буыны табысып жатады, арызы мен арманын, тілегі мен мұратын ортақтастырады. Бұкпесіз сыры мен көкейтесті мұнцын тоғыс-тырады. Артқыға ән арқылы өситет айттылады. Ән – халықтың өшпес рухы, жан серігі. Жақсы ән мен халықтың тегі – егіз. Оны қанаттандыратын қуат – адамның сұлұлығы мен жан тазалығы. Дәстүрлі қазақ салтанатының ән араласпайтын жері жок. Қазақ әннің осы қасиетін қастерлеген ұлы Абай:

Туганда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойынға кірер денең.
Әмірдегі қызығың бәрі өлеңмен
Ойлансаншы, бос қақпай өлең-селең, –

деп, оған өлеңмен мәңгілік ескерткіш орнатады.

Киіз үйдің құрылымы, оны ұлғі еткен дәстүрлі сәулетті ғимараттардың кеуде тұсы кеңеіе келіп, акустикалық зорайтқыш қызметін аткарды – қазақ

әннің асқақ мінезімен ұқсас. Дегенмен бұл – ежелгі заманғы халықтық дәстүр тудырған бір ғана ерекшелігі. Әннің әсерлі шығуы, оның өміршендігі тек қана хас шебердің қолынан келеді, үрпактан-үрпакқа үлгі болу ар-қылды олар халық тұрмысына тыңғызықты еніп, сол өңірде ән дәстүрін қалыптастырады. Мәселең, Сара Тастанбеккызы Біржаннның ән өнерін:

Әуенің жез сырнайдың көмейіндей,
Әннің қазақ жетпес бүрмасына, –

деп, биік бағалады. Әйгілі Әсет Найманбаев өзінің әншілік үрдісі туралы:

Бозбала бұл әнімді үйренерсін,
Қызыл тіл сойлей алмай күрмелерсін.
Асау ән жетегіне жүрмеген сон
Біріңен бірің көріп сүйрелерсін, –

деп ой түйеді. Байқаған жанға Әсет өзі салған әндердің болашаққа жетудегі тағдырын ойлат алаңдаган. Үрпак ауысканда дәстүрдің сөз бен әуен қадірін бағалау, дәстүрді сактау мәселесін қозғаған. Сөйтіп, қазақ әншілері орындаушылық өнерге үлкен әлеуметтік-эстетикалық мән береді, әншіге қоғамдық міндет артады.

Ежелгі заманғы сөз магиясына қалай сенсе, әуенниң адамға да, айналага да әсеп ете алатын құдыретті күші бар деп сенген. Жоктаудың сарынмен айттылуы осы ойдың дәлелі, бәдіктің де орындалу барысында алғашқы өнер ұжымы сияқты бірлесу болған, ауру шақыратын иелерді күүға арналған мәтіндер тақпақтап айттылмаса керек, белгілі бір мақамға сүйену болған сияқты. Ежелгі ғұрыптық фольклор қоғам дамуының арқасында өзінің синкреттілігін жеке арналарға – кәсіпке қарай бөлді. Ақын өз алдына бір тип болса, әнші өз алдына бір тип ретінде қалыптасу жүрген. Дегенмен XX ғасырға дейінгі әншілердің көп қырлы екендігі аяң. Бұл олардың шығармашылық тұлғасына табиғи түрдегі толыққанды өнер иесіне тән қасиет болып дарыған.

Бертін келе, қазақ әні ежелгі синкреттік ұжымдық белгілерінен ажырады. Бұл – жалпы әлем халықтарының ән тарихына ортақ зандылық. Қазіргі әнге ие көп, оның әуеніне, өлеңіне, орындауы мен сүйемелдеуіне авторлық хұқ бар. Авторлардың әрқайсысы кәсіби өнер иесі. Соңдықтан бір әннің тууына әртүрлі мамандық иелері атсалысады, өнерлерін тоғыстырады. Әніміздің табиғатын аша түсude күмбезді жайдың әсері мол. Әнді орындаушы объективті және субъективті жағдайтардың түгенделіп, әннің биік үдесінен шыға алатын тұстаған әннің эстетикалық шарты орындалмақ. Соңдаған қоғамдық қазақ әні өрелі этикалық-эстетикалық

парасатка, журек тебірентер игілікке, ойға шомды-
рап рухани дәулетке айналмақ.

Алайда мұның бәрі әннің өнер саласы ретінде
атқаратын әлеуметтік қызметтінің тек әдеби және
көркемдік көрінісі ғана. Ән – құпиясы мол игілік.
Соның негізгілерінің бірі – әннің дүниеге көзқарас-
тық философиялық мәні. Ән тек өнер түлегі тұрпа-
тында шектеліп тұrmайды. Ол салихалы ой панала-
уына көптеген үрпактар атсалысқан тарихи қазына,
кісілік салауат пен философиялық зерде тоғысқан
әлеумет рухы.

Барша халықтың поэтикалық мәдениеттін тұп-
тамыры әріде екені мәлім. Соңықтан болса керек,
мұнан алты мың жыл бұрын сына әрпімен жазылған
шумерлердің Гильгамеш туралы эпосы, сурет
таңбасымен бедрленген Мысыр папирустары,
ұнділердің Митраға жалбарынған ведалары, Зарат
(Зоороастра) мықтарының (магтарының) сарында-
ры түскен Авеста текстері, көне түркі қолбасшыла-
рының Еуропа мен Азияның төрт бұрышын кезген
жорықтарын баяндаған руникалық жазбалар тілті,
мұсылман дінінің шарттары түскен Құранның өзі өлең
түрінде жазылған. Айтылатын ойдың поэтикалық
формада болуының өзіндік мәні бар. Ыргақ пен
екпіні, буын мен өлшемі бар ой еске тұтқанға женіл
ұмытылмай санада көп сакталады. Ен көне шығар-
малардың өлең түрінде болуының түпкі себебі де
осы.

Айтылатын хабар неғұрлым жүйелі түрде баян-
далып, әлеуметтік маңызды тұстарда поэтикалық
талғам ерекше көрінеді. Бұл жайт философиялық
ой мен поэзияның о бастан халыққа әсер етудегі
шығармашылық қызмет мәртебесінің бір-бірінен
ажырамас деңгейлестігінде болса керек. Халықтың
поэзияның тақырыбы кең, халық тұрмысына қоян-
қолтық араласып ерте кездің өзінде-ақ дамудың
данғыл жолына түскен тіл мәдениеттінің мұмкіндік
қарымына айғақ болып отырған. Халық ұғымында
өлең деген сөздің өзі оның поэтикалық және музы-
калық тұтастығын айфактап, көп жағдайда екі ма-
ғынада – поэтикалық шығарма, әрі ән мағынасында
қолданылады.

Ән – көбінесе әуеніне орай тиянақты меншік
өлеңі бар әдеби-музыкалық шығарма. Өлең мен ән
әлі де ертедегі тұтастығынан айрыла қойған жок.
Қазақтың халық әндері кез келген өлең шумақта-
рына қосыла береді. Сол секілді халық әндерінің
бірінің өлеңі екіншісіне ауысып отырады. Бұл –
фольклор туындыларына тән ортақ занъылық. Қазіргі
қазақ сөз қолданысында әсіреле ауыз екі тілде өлең
айту мен әндетеу, ән айту – семантикалық бірлікте
тұрады. Оның айғағы:

– Неге отырысқ, ей, қалқа, өлеңдетпей,
Өлеңдетпі қалайық заман өтпей.

Оралыңың барында ойна да құл,
Албыртқан ақша беттің қаны кетпей, –

деген ән мәтініндегі шумак. Мұндағы екі рет қолда-
нылған өлеңдету сөзі ән шырқау, өмірді ән мен күйге
бөлеу мағынасында тұрғаны анық. Өлең тек поэти-
калық ойдың дәйегі түрінде бой көрсеткенмен өзінің
ежелгі синкреттік (сөз берін әуен бірлігі) тұлғасынан
айрыла қоймаған. Және бұл тұтастықтан әнін
(әуенін) бөлек, өлеңін (сөзін) бөлек ақырату шарт
та емес. Біз қарастырып отырған нысан – дәстүрлі
ән мен сөз құймасы. Қазақ әнін көп сырлы құбылыс
дедік. Оның көп қырлылығына әннің әдеби-эс-
тетикалық және мазмұндық-философиялық
белгілерімен сабактас сән мен мән диалектикасын
жатқызуға болады. Бұл екеуі бір-біріне тәуелді,
тұтас. Бірақ, ғылыми барлау барысында ақыратып
қарауға икемді құбылыстар. Демек, әннің әдеби-
эстетикалық және мазмұндық-философиялық жақ-
тары, басқаша айтқанда, бітімі мен болмысы біршама
дербес.

Қазақ әні ғылым назарынан қалыс қалған жок.
Халықтың ән қазынасын зерттеу – айтулы
еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болды. Қазақ
ән өнері тарихына арнаған В. Затаевичтің «Қазақ халықтың 1000 әні» мен «Қазақ халықтың 500 әні мен
күйі», Б. Ерзаковичтің «Қазақ халықтың ән өнері»
мен «Қазақ халықтың ғашықтық әндері», А. Жұба-
новтың «Замана бұлбұлдары», «Ән-күй сапары»
атты еңбектері ғасырлар етсе де, мәннән әндерін
жой-
майтын құнды дүниелер. Сонымен катар, қазақ әннің
теориясын, жанр ерекшеліктері мен табиғатын,
өлшем-ырғактарын, үйлесім ерекшеліктерін зертте-
уде М. Ахметова, Т. Бекхожина, А. Байғаскина,
А. Темірбекова, С. Елеманова, Б. Каракұлов, З. Кос-
пақов т. б. өнертанушы ғалымдардың жасаған
еңбектері атап өтеді. Ал, әнші ақындардың өмірі
мен шығармашылығын көркемдік тұрғысында бей-
нелеуде ақын-жазушылардың сіңірген еңбектері
елеулі. Қазақ әні мен оның тарихи мәніне тоқталма-
ған қалам қайраткерлері кемде кем. Ұлы ақын Абайдан
бастап, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов,
Ғ. Мұсірепов, М. Жұмабаев, И. Жансүгіров, А. Байт-
ұрсынов, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, С. Мұқанов
сынды қазақ зиялдырылғаның ән мен әнші тақырыбына
соқпай өтпегені жок. Ә. Кекілбаев, Т. Әлімқұлов,
Ә. Әбішев, С. Жұнісов, А. Сүлейменов, С. Бакбергенов,
И. Жақанов, Ж. Кәрменов, З. Ақышов т. б. жазушылардың шығармаларында өнер
адамдарының тарихи тағдыры, олардың азаматтық,
әншілік тұлғалануы әдеби тілдегі көркем бейнелер

ретінде ғибраты мол шығармашылық шеберлік деңгейінде көрініс табады.

«Әдебиет пен өнер – егіз» деп тегін айтылмаса керек. Көркем әдебиет халық үшін идеологиялық ықпалды күш, сол сияқты ән де тындаушы қауым үшін сөзімен де, әуенімен ел ішінде маңызы қалың ұйытқы. Тіпті, халықты белгілі бір бастама көтере алатын зор рухани күшке жұмылдыра алады. Сондықтан, халқымыздың ән мұрасы мен оны жасауыш тұлғаларды әдебиет әлемінен бөліп қарай алмаймыз. Ән – халқымыздың тіл байлығын бірден-бір таза сақтаған, әрі көркемдік үлгісін терең айшықтай білген үлкен қазына. Ал, сол қазынаны поэзия тілімен әрі, музыка үнімен өрнектеп, өнері мен өмірі елге өнеге салсерілеріміз қашанды зама-

на шежіресін жырлаған ақын-тұлға ретінде әдебиетіміздің төрінде орны бар дарын иелері. Сондықтан да болар, қазақ жазушылары осы бір қастерлі де аяулы тұлғаларды өз шығармаларына арқау етіп, олар туралы тамаша еңбектер қалдырыды.